

ISSN (Print) 2616-6887  
ISSN (Online) 2617-605X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

САЯСИ ҒЫЛЫМДАР. АЙМАҚТАНУ.  
ШЫҒЫСТАНУ. ТҮРКІТАНУ сериясы  
POLITICAL SCIENCE. REGIONAL STUDIES.  
ORIENTAL STUDIES. TURKOLOGY Series

Серия ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ. РЕГИОНОВЕДЕНИЕ.  
ВОСТОКОВЕДЕНИЕ. ТЮРКОЛОГИЯ

**№ 3(140)/2022**

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Астана, 2022

Astana, 2022

|                                                                                                                                                                        |     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Қобландин Қ.И., Мендикулова Г.М., Бекжанова Р.Ж.</i> XVIII-XX ғғ. Хиуа (Хорезм) аймағындағы қазақтардың тарихы                                                      |     |
| <i>Koblandin K.I., Mendikulova G.M., Bekzhanova R.Zh.</i> History of Kazakhs in the Khiva (Khorezm) region in the XVIII-XX centuries                                   |     |
| <i>Қобландин К.И., Мендикулова Г.М., Бекжанова Р.Ж.</i> Из истории казахов в Хивинском (Хорезмском) регионе в XVIII-XX вв.                                             | 145 |
| <i>Коновалов И.Н., Лапенко М.В.</i> Саратов облысының шекаралас аумақтарындағы мигранттар мен мәжбүрлі қоныс аударушыларды бейімдеу және әлеуметтендіру мәселесі       |     |
| <i>Konovarov I.N., Lapenko M.V.</i> The problem of adaptation and socialization of migrants and internally displaced persons in the border areas of the Saratov region |     |
| <i>Коновалов И.Н., Лапенко М.В.</i> Проблема адаптации и социализации мигрантов и вынужденных переселенцев на приграничных территориях Саратовской области             | 154 |
| <i>Сейлхан Б., Букешова Г.К.</i> ШЫҰ-ның жаңа даму стратегиясы: Ресейдің мүдделерін талдау                                                                             |     |
| <i>Seilkhan B., Bukeshova G.K.</i> New SCO development strategy: analysis of Russia's interests                                                                        |     |
| <i>Сейлхан Б., Букешова Г.К.</i> Новая стратегия развития ШОС: анализ интересов России                                                                                 | 162 |
| <i>Шенин А.С., Раимжанова А.Ж.</i> Қазақстан Республикасы студенттерінің еуразиялық интеграцияға қатысты негізгі көзқарастары                                          |     |
| <i>Shenin A.S., Raimzhanova A. Zh.</i> Eurasian integration as perceived by students of the Republic of Kazakhstan: main visions of prospects                          |     |
| <i>Шенин А.С., Раимжанова А.Ж.</i> Восприятия студентами Республики Казахстан евразийской интеграции: основные видения перспектив                                      | 171 |

#### ТҮРКІТАНУ/TURKOLOGY/ТЮРКОЛОГИЯ

|                                                                                                                                                            |     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Абдулкадир Ювалы</i> Жылқының түркі халықтарының әлеуметтік-мәдени және саяси өміріндегі рөлі                                                           |     |
| <i>Abdulkadir Yuvali</i> Türk halklarinin sosyo-kültürel ve siyasi hayatında “atlı-göçer evli” kültürü                                                     |     |
| <i>Абдулкадир Ювалы</i> Роль лошади в социально-культурной и политической жизни тюркских народов                                                           | 185 |
| <i>Кенжалин Қ.К., Бегимова Г.А., Байбосын Ә.М.</i> Қазақ тіліндегі ойконимдердің пайда болу тарихы мен ұлттық санадағы орны                                |     |
| <i>Kenzhalin K.K., Begimova G.A., Baibosyn A.M.</i> The history of the origin of oikonyms in Kazakh language and their place in the national consciousness |     |
| <i>Кенжалин К.К., Бегимова Г.А., Байбосын А.М.</i> История возникновения ойконимов в казахском языке и их место в национальном сознании                    | 199 |
| <i>Қосыбаев М.М., Жиёмбай Б.С.</i> Армян-қыпшақ жазба ескерткіштері тіліндегі зат есімнің сан-мөлшер категориясының тарихи дамуы                           |     |
| <i>Kossybayev M.M., Zhiyembay B.S.</i> Historical development of the noun number category in Armenian-Qypchak written monuments                            |     |
| <i>Қосыбаев М.М., Жиёмбай Б.С.</i> Историческое развитие категории числа имен существительных в армяно-кыпчакских письменных памятниках                    | 211 |
| <i>Рахимжанова А.Б.</i> Түріктің «эбру» өнеріне мәдени-саяси талдау                                                                                        |     |
| <i>Rakhimzhanova A.B.</i> The cultural and political interpretation of Turkish marbling art – EBRU                                                         |     |
| <i>Рахимжанова А.Б.</i> Культурно-политическая интерпретация турецкого искусства «эбру»                                                                    | 221 |

Қ.К. Кенжалин  
Г.А. Бегимова\*  
Ә.М. Байбосын

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
\*Корреспонденция үшін автор: gukjik\_76@mail.ru

## Қазақ тіліндегі ойконимдердің пайда болу тарихы мен ұлттық санадағы орны

**Аңдатпа.** Топоним – «географиялық атау» тіркесінің синонимі, яғни кез-келген географиялық объектінің атауын білдіреді: мұхит, континент, елдер, қалалар, өзендер, жартастар, белестер және т.б. Ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан мәдени-тарихи мұра болып есептелінетін топонимдер – халық мәдениеті мен шаруашылығын, салт-санасы мен әдет-ғұрпын, халықтар арасындағы байланысты сипаттаушы негізгі фактор. Топонимдер мен микротопонимдердің бірнеше тобы бар. Елді-мекен атауларының тарихына деген қызығушылық туған жерден басталады. Өмір әртүрлі жолдармен дамиды, бірақ туған ауыл және оның айналасы – өзендер, төбелер, жолдар, шабындықтар – әрқайсымыз туралы ақпаратты өз жадымызда қалдырды. Кейінірек, олар осы жерлердің тұрғындары туралы көп нәрсе айта алады, өйткені бүгінде олар мұнда бұрын өмір сүргендер жайлы мәлімет береді. Мақалада тарихи-мәдени аспектілерге сүйене отырып кейбір ойконимдердің пайда болу тарихы, оларға әсер етуші сыртқы факторлар мен рухани маңыздылығы көрсетіледі. Сонымен қатар, Солтүстік Қазақстан облысының биік, орташа, аласа таулы үстірті орналасқан нысандардың аңыз-әңгімелерде көрініс табуына тоқталамыз. Зерттеу негізінде Ақмола, Екібастұз, Кәлкен, Бұқпа көлі, Қансүйек, Баянауыл және тағы басқа атаулардың тарихи мазмұны қарастырылады. Ономастикалық атаулар аса күрделі таңба болғандықтан, оларды дәстүрлі тілдік жағынан қарастыру жеткіліксіз, өйткені олардың мазмұны ауқымды әрі көптеген сыртқы факторлармен байланысты болып келеді. Ономастика саласын тек жер-су аттарын зерттеу ғана емес, сонымен қатар, еліміздің болашағына, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге де септігін тигізетіні де атап өтіледі.

**Түйін сөздер.** Ономастика, топонимикалық жүйе, ойконим, аңыз-әңгімелер, этимология, ұлттық сана, мұра, рухани жаңғыру.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2022-140-3-199-210>  
Түсті: 21.06.2022 / Жарияланымға рұқсат етілді: 04.08.2022

### Кіріспе

Ономастика – жалқы есімдердің түрлерін зерттейтін тіл білімінің саласы, күрделі тілдік құбылыс. Ел мен жердің тарихынан мол мағлұмат беретін құнды мұра. Жалқы есімнің табиғатын, ерекшеліктерін, бүгінгі нұсқасы мен тарихын анықтау, әр

халықтың әр аймақтың жалқы есімдерінің мазмұнының құрылымын, жүйесін талдау зерттеуші-ғалымдардың ұлттық мәдениетті зерттеуге әкеледі. Ономастикалық материал кез келген жоғары дамыған тілдің сөздік қорының елеулі бөлігін құрайды. Олардың негізі этнолингвистикалық және тарихи деректерден тұрады, құрамына түрлі типтегі

географиялық атаулар енеді, атап айтсақ, гидронимдер, ойконимдер, оронимдер, т.б. Оларды зерттеу де қолға алынған.

Дүниенің ономастикалық көрінісі тілдік сана, этностық таным тұрғысынан қарастырылуы тиіс. Адамның, этностың дүниетанымы, ой-санасы, тарихы, шаруашылығы, мәдениеті, ғасырлар бойы жинақталған сан-салалы тәжірибесі тілдік жүйеде, сол жүйенің құрамдас бөлігінде – ономастикалық атаулар жүйесінде, ал дәлірек айтсақ, топонимикалық жүйеде өз тілдік көрінісін сақтаған.

### Зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында ойконимдердің пайда болу тарихына тоқталып, жүйелеу, талдау, сипаттау әдістері қолданылды.

### Талқылау

Кез келген ономастиканы зерттеген уақытты сол кездегі тілдік жағдаятты, сол дәуірдің әлеуметтік жағдайын ескеру қажет. Ойконимдер немесе елді-мекендердің географиялық атаулары тілде өте ұзақ уақыт пайда болып, қалыптақан, кейбіреулері бізге ежелгі дәуірден келе жатқан атаулар. Ойконимдерді зерттеу, ең алдымен, танымдық аспект тұрғысынан, лингвомәдени, антропоцентристік және тарихи тұрғыдан жүргізулі қажет. Халықтың өмірінің тарихи фактілерімен де байланысты. Топонимиканы іс-әрекеттің нәтижесі, тілді ұстанушы халықтың ментальділігі, адам санасы тұрғысынан қарастыру, прагматикалық көзқарастармен тікелей байланысты анықтау қажет. Номинативтік атау тұтастай алғанда тілдік формалардың танымдық аналогтарымен байланысы немесе шындықты объективті түсіну үрдісі мен нәтижесі ретінде түсініледі [1, 58 б.].

Ғалым Ә.Қайдар ұлт және онамастика жайлы былай дейді: «Ұлттық ономастиканың ерекшеліктері олардың белгілі бір ұлттық тілге қатыстылығында ғана емес, сонымен қатар, ұлттық ономия жасалып, қалыптасқан

ұлттық мәдениетке де байланысты» [2, 39 б.]. Ұлттық ономастиканы қарастыру үшін этимология тұрғысынан, аңыз-әңгімелерде көрініс алған жалқы есімдер зерттеледі.

Ойконимдер – кез келген елді-мекеннің жалқы есімі. Әлеуметтік үрдістерге байланысты Қазақстан ономастикалық кеңістігінде өзгерістер ене бастады. Атауларды өзгерту үрдістері әр көлемде орын тапты. Орыс атауларын түбегейлі өзгерту жүргізілді, мысалы, астананы өзгертті, қалаға, аудан, ауыл атаулары қазақша атаулармен өзгертілді. Петропавл қаласы бойынша бұрынғы Мир көшесі қазір Нұрсұлтан Назарбаев көшесі, бұрынғы Комунистическая көшесі қазір М.Жұмабаев көшесі, бұрынғы Ровная көшесі, қазіргі С.Мұқанов көшесіне, бұрынғы Ленина көшесі қазіргі Конституция көшесіне өзгертілді. Бұл ұлттық колориттің көрсеткіші, көптеген тарихи естеліктерді беретін үрдіс.

Географиялық атаулар ұлттық менталитет, ұлттық таным бойынша ерекшеленеді. Солтүстік Қазақстан облысының күрделі этникалық тарихы ойконимикалық жүйесінде елеулі із қалдырды. Ойконимдердің ерекшелігі параллель топожүйенің құрылымында. Мысалы: Красноармейское атауы – Қызыләскер деп, Краснознаменка ауылы – Қызыл Ту деген, Олья ауылы – Алуа екендігі ұзақ уақыт орыс тілінде таңбалануды, идеологиялық топонимдердің болғандығын білдіреді. Бұл елді-мекен атаулары әлі де тұрғындар арасында екі тілде қолданылады. Елді-мекен атауларының пайда болуы, біріншіден, жергілікті халықтың өзі тұратын жердегі географиялық нысандарға берген атаулары. Мысалы: Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданында Егіндіағаш ауылының атауы. Жамбыл ауданына қарасты Комсомол ауылының атауы Ұзынкөл болғаны, т.б. Екіншісі, сол жерге отарлаушылардың не сырттан келгендердің берген атауы. Солтүстік Қазақстан облысында ондай атаулар өте көп.

Уақыт көші ілгері жылжыған сайын аттары аңызға айналған ұлы бабалардың ел басына күн туған кездердегі еліне қамқор болғаны, жаудың құтын қашырып, бітпес даудың түйінін бір ауыз сөзбен шешкен шешендігі,

ат сүрінгенше ақыл тапқан даналықтары жаңғырып, жарқын істері еске оралуда [3, 118 б.].

Сондай тұлғалардың бірі – Ноғайбай Батырбекұлы. Ноғайбай бидің туып өскен жері – қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға селолық округіне қарасты Ноғайбай ауылының жері. Сол кезде Петропавл уезінде жазылған құжаттарға, тарихи оқиғаларға қатысына қарағанда Ноғайбай би 1830-1910 жылдар арасында өмір сүрген үлкен тарихи тұлға [4, 193 б.]. Қазір Петропавл қаласында тұратын Мағжан Жұмабаев ауданының тумасы Зейнолла қажы Олжабаев Ноғайбай болыс туралы: «Елде қазір бұл кісі туралы білетін қарттар қалмады ғой. Өзім ауыл ақсақалдарынан бұл кісінің біздің өңірдің атақты болысы, биі, парасатты адамы болғандығы туралы көп естідім. Біздің өңірдің атақты адамы болған ғой. Әттең, тарихымыздың бір қойнауында ұмыт қалып барады. Бәріне кінәлі кеңестік саясат қой. Патшалық дәуірде болыс, би, бай болғандардың халыққа қамқор, елге пана болған істері ескерілмей оларды халықты қанаушы, озбыр адамдар деп келдік емес пе»,- деп Ноғайбай бабамыз туралы көп әңгіме естіген едім.

Елбасына күн туып, орыс отаршылдарының ата қонысымызды тартып ала бастаған кезде халыққа қамқор болған еді деп айтып отыратын. Сейпіл нағашымның қолында «Ноғайбай ауылы» деп жазылған карта, бабамыз туралы Петропавл уезінің мөрі басылған жеке анықтама құжаттары да болғанын өз көзіммен көрген едім, бір өкініштісі қазір сақталмапты. Бұл құжаттардың түп нұсқасы архивтерде сақталуға тиісті ғой деп ойлаймын,- дейді Петропавл қаласының тұрғыны Күлше Мұхамедиярова (Ноғайбай бидің жиені) [5, 194 б.]. Туып-өскен жеріне бабамыздың аты қайта 2000 жылдың 23 тамызы берілді. Орыстардың жер аударып келуімен ауыл Красное деп аталған болатын. Қолда бар тарихи деректер ауылдың Ноғайбай атауы 1901 жылдан басталатынын анықтайды. Ноғайбай би және Ноғайбай ауылы туралы нақты архивтік деректің бірі – «Переселенческое управление

Главного управления землеустройства и земледелия» (Киргизское хозяйство в Акмолинской области.- Петропавловский уезд) СПБ-1910. Бұл құжат және осы аттас карта бойынша Мағжан Жұмабаев ауданындағы «Ноғайбай» ауылы (ол кездегі атау бойынша «Ноғайбай» учаскесі) 1910 жылы құрылған елдің (учаскенің) аталуы-Ноғайбай Батырбек, қыстауы – Жамантомар, Ру, ата есімі – «Салпық» деп жазылған.

Қарағанды облысында Қансүйек ауылы Нұра жағасында жерленген аты аңызға айналған батырдың атымен аталған, бұрынғы атауы – Токаревка. 1931 жылы ірі орталықтың қызметкері А.Степанова Токаревкада болып, аңыз жазып алған: «Осыдан 150 жыл бұрын қазақ батыры Қансүйек тұрған. Қайтыс болғанда оны осы Нұра жағасына ерекше құрметпен жерлеген. Қансүйек өмір сүрген жылдары елді қатыгез, сараң бай иеленген. Өзінің жалшыларын жіберген кемшіліктері мен ермек үшін дүре соғып отырған. Батыр өзінің халқын азаптан құтқарамын деп қарсы шығады. Сол байдың қолымен шайқаста көп қан ағады. Содан оны Қансүйек деп атап кетеді.

Павлодар облысының Баянауыл ауданында Баянауыл орналасқан. Қазақ тарихи аңызы бойынша елді-мекеннің атауын екі жүректің шексіз махаббаты туралы баяндалатын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» халықтық эпостық жырының кейіпкері Баян сұлудың есімімен байланыстырады. Баянның тағдыры барлығымызға белгілі. Баян Қазалық тауларын жақсы көрген, онда әдемі тырналар мекен еткен. Ол құстардың қауырсындары өте әдемі болғандықтан, Баян әдемі бас киім тігіп, әшекейлеген. Содан бұл тау Қарқаралы атанған. Қара құтан тауы дегеннен құралған. Көкшетау тауларында Баян құлаққа жағымды дауыс шығаратын керемет ағашты табады. Осы ағаштан Баян сұлу музыкалық аспап – домбыра жасатады. Содан тау Домбыралы деп аталды деген аңыз бар. Көрші тауларда көптеген асыл тастар көп болатын, Баян солардан әдемі моншақтар жасаған, бұл таулар Моншақты (бисер) деп аталып кеткен.

Баян өзі де керемет сұлу қыз болғаны бәрімізге белгілі. Сұлу сөзі префикс ретінде оның есімінің ажырамас бөлігіне айналды. Ал әкесі көп аялдайтын ауыл, жастар жиі жиналатын орын болғандықтан, бәрі Баянауыл деп атап кеткен.

Баянмен есімімен байланысты топонимикалық атаулар осы Баянауыл ауданында жиі кездеседі. Тағы бірнеше аңыз-әңгімеге тоқталып өтейік. Бір кездері көлде шомылып жатып Баян суға сабынын тастайды. Бұл суға келген адамдар – Су соншалықты жұмсақ екен? - деп айтатын болған, расында да суы мөлдір, таза, жылы, жайлы. Содан көлді Сабындыкөл (Мыльное) деп атап кеткен. Марқұмның құрбылары балалық шағында бір таудың баурайында отырып, Баянның шашын тараған, сол жерді Тарақ деп атап кеткен. Бұл жерлердегі ең биік, ең әдемі шыңды Баянды еске алып, халық Ақбет деп атаған. Баян ән салуды, атқа мініп шабуды жақсы көрген. Бірде өзеннің жанында демалуға тоқтаған кезде, шидерін ұмытып кетеді, өзен Шідерті деп аталады. Солтүстік шығыстағы қыздың әнімен бірнеше рет рухтандырылған көл Өлеңті (ән) деп аталды.

Қазіргі Нұр-Сұлтан қаласының ертедегі аты Ақмола болған. Қазақ Совет энциклопедиясында: «Ақмола – ақ қайрақ тастан әдемілеп жасалған. Оның табаны төрт бұрышты тікше түрінде қаланып, үстіне шардың жартысына ұқсаған не кигіздің төбесі тәрізді күмбез орнатқан. Күмбез жолаушының көзіне алыстан жарқырап көрініп, Есіл өзенінің жағасына 5-6 ғ. бойы сұлулыққа бөлеп тұрған. Сондықтан оның даңқты аты Ақмола болып, көп ғасыр бойы сол төңіректегі Есіл өлкесінің аты болады» - деп жазған [6, 212 б.]. Ал Ақмола жерінің аталуының аңызы мынандай: Ежелгі уақытта Сарыарқа даласында өзінің шеберлігімен, даналығымен танымал болған бір молда өмір сүреді. Тақуалық бойына дарыған молда болашақты да болжай білген, жоғалғанды тапқын. Бір нәрсесін жоғалтқан кез келген адам қайда жоғалғанын сұрап барып, көмегіне сүйенеді. Бірде көршілерінде бірнеше

жылқы жоғалып кетеді. Олар молдаға кеңес алуға жүгінеді. Сөзін тура айтатын молда жылқыларын көрші байдың барымташылары ұрлап әкеткені жайын хабарлайды. Солай болады да шығады. Жылқылары байдың табынынан табылады. Жылқылар табылды-ақ, алайда молда бұдан үлкен зардап шегеді. Оған ашуланған бай тыныштық бермей, өз жерінен қудалай бастайды. Молда қашып кетуге мәжбүр болады. Қиындыққа толы жолда ол ауырып, бір жерде қайтыс болады. Қайтыс болар алдында: «Менің сүйегімді тасымай, өлген жеріме бірден жерлеңдер. Менің қабіріме мазар салған кезде, балшықты сауылатын ешкілердің сүті мен майымен араластырып, тұрғызыңдар», - дейді. Сол тілекпен ол қайтыс болады. Жер қойнына тапсырған соң, ақ балшыққа сүт пен ешкі майын араластырып, мазар тұрғызады. Құрылысты салып болғаннан кейін, молданың мазары аппақ, күнің нұрына шағылысып тұратынын байқайды. Содан бері бұл жер Ақмола (Белая могила) деп аталады. Сонымен Ақмола атауы тек қабырстан ұғымында ғана емес, «көне мекен-жайдың орны, бабалар сүйегі жатқан қасиетті нышан, белгі», ал орысша аударылған «светлый погост» емес, «белый мовзолей» деген мағынаны білдіреді.

Екібастұз – үш түбірден құралған күрделі қала атауының тарихына, аңыз бойынша берілген нұсқасына тоқталамыз. Сауда керуені таңертеңінен кешке дейін далада жүріп келеді. Демалуға бір орын әзірлеп, тұрақтайды. Саудагерлер бір ыңғайлы жерді тауып, тамақ дайындауды ойластырады. Жолда пісіру үшін кептірілген және сүр етті өздерімен алып жүретін. Бұл жолы олар жағатын отын таба алмай қиналды. Жинап әкелген жаңқа ағаш тез жанып кетеді, ештеңе дайындап үлгермейді. Отын жинау үшін жолаушылар даланы кезіп кетеді. Кенет олардың бірі тышқанның шұңқырында бір қара тастардың жатқанын байқайды. Олар ерекше формада және оттың шырағы сияқты жанады. Ол бұл тастарды бір үйінді етіп жинап, өз тағы да от жағып көруге тырысады. Осындай көз көрмеген ғажайып тастарды

қарап отырып, бір жолаушы бірнешеуін отқа тастайды. Сол кезде бір ғажайып болады. Тастар қызарып, жылу беріп, бірнеше ас дайындауға артығымен жетеді. «Біз үйімізді жылыту үшін жанатын тастарды өндіру үшін осы жерге қайта оралуымыз керек» деген шешім қабылдайды. Бұл жерді ұмытпау үшін адамдар мен жануарлардың бұзуға шамасы келмейтін белгілерді қалдыру керек екендігін ақылдасады. Белгі ретінде керуеншілер шалғайдан Басқұншақ көлінен алып келе жатқан екі үлкен тұз басын қалдырады (екі бас тұз). Бірнеше жылдан кейін сол жерде көмір кен орны ашылып, Екібастұз қаласы пайда болады. Ғалым Е.Қойшыбаевтың пікірінше: «Екібастұз атауы екі объекті – Екібас және тұз объектілері біріктірілген қос тұлғалы атау болуы ықтимал», - деген жорамал айтады [7, 95 б.]. Көлдегі тұздың екі басы болмайтынына зер салсақ, халық аңызына ден қоюдың да орны бар сияқты.

Ойконимия – елді-мекен атаулары, топонимиканың бір саласы болып саналады. Ол елді-мекен атауларының этимологиясын, мағынасын, лексика-семантикалық тұрғыдан терең зерттейді. Қазіргі қоғамның санасы топонимиканың қалыптасуындағы тарихи және саяси аспектінің рөлін анықтауды алға қойып отыр. Қала, өзен, көше, тау атауларының шығу тегіне халық арасында қызығушылық тудыратын уақыт келді. Бұл демократияның күшеюі, жариялылық, әр адамның өз Отанының, ата-бабасының тағдырын білгісі келгендігінен туындап отыр. Аймақтың топонимикасында халықтың тарихы айқын көрінеді, сол аймақта тұрған халықтың құрамы да мекен атауына із қалдырады. Біздің жұмысымыздың басты міндеті де елді-мекен атауларының тарихына үңілу, тарихи тұлғалардың есімдерінің негізінде жасалған ойконимдерге тоқталу. Мысалы: Солтүтік Қазақстан обылысы Жамбыл ауданына қарасты Архангелка селосы бар. Географиялық картада да осы атаумен белгіленген. 1884 жылы Ресейдегі Архангелка жерінен қоныс аудару басталған. Негізі 1893 жылы қаланды. Архангелка

деп аталу себебі христиан діні мерекесіне байланысты, өздерінің ғибадатхана атауымен байланысты қойылған атау [8, 73 б.]. Ауылдың тарихына тоқталсақ, ауыл маңында көшпенді қазақтар өмір сүрген. Олар Байғасқа, Ережеп, Сукумбай ұрпақтары. Жер игерілмеген, таза мал шаруашылығымен айналысқан. Қоныс аударушылар келгенше Қантай руының Жәнібек атасы басқарған. Туған жылы белгісіз, шешен, батыр, Керей руына ұран болған. Бір шайқаста мінген тұлпары шаршап, болдырып қалған Абылай ханға астындағы көк дөненін түсіп беріп, ханды құтқарып қалады. Өзі жекпе-жекке шыққан қалмақ батырын жеңіп, жаудың бетін қайтаруға үлкен үлесін қосады.

Туған өлкенің топонимикалық зерттеулері өте қызықты және танымдық. Топонимика көмегімен бір кездері біздің өлкемізде өмір сүрген халықтардың тарихи өткенінің ерекшеліктерін қалпына келтіруге, мәдениет пен экономикалық орталықтардың, сауда жолдарының географиясын, алғашқы қоныстанушылардың аттарын, лақап аттарын және аттарын білуге болады.

Жамбыл ауданына қарасты Екатериновка селосы Омбы мұрағатынан алынған 1911 жылғы дерек бойынша 1895 жылы орнаған. Селоның бейресми атауы «Атабай» деп аталған. Бірінші переселендер Воронеж губерниясынан келген, 24 қараша Екатерина мерекесі болғандықтан Екатерина І патшайымның жарлығымен жаңа селоға Екатериновка атауы берілді. Осы ауылдың атауына байланысты ақын С.Мұқановтың «Өмір мектебі» шығармасында мынандай дерек келтірілген: «Құтырлаған» атты казак-орыс станицасы, орысша аты – Екатериновка. Оның қалай Құтырлаған атауы туралы: әр үйдің есігінің алдында сөреге жайған құрт тұрады екен, соны таңсық көрген казак-орыстар қалталарына салып алып кетеді. Олар «Үлкен» және «Кіші» аталатын екі Сары көлдің арасынан станица салып, оны Екатериновка қояды, ал қазақтар қалжыңдап, оның атын «Құрт ұрлаған» қояды, «Құтырлаған» содан барып шығады (С.Мұқанов, «Өмір мектебі», 16-бет).

Айымжан ауылы Петропавл округі, Төңкеріс ауданы, Айымжан селолық кеңесіндегі Айымжан ауылында Айымжан колхозы 1928 жылы ұйымдасты.

Бұл елді-мекеннің аталуына төмендегідей аңыз себеп болған деседі. Айымжан сұлу XVIII ғасырдың басында Еділ қалмақтарымен қоса түрікпендер де қазақ жеріне, әсіресе, Кіші жүзге шабуыл жасап, елін тонап, малдарын айдап әкетіп отырғанын тарихтан білеміз. Орта жүз қазақтарының қоныстануын, шежіресін зерттеуші Марат Мұқановтың деректері бойынша бірде түрікпендердің бір қолы Орта жүз жеріне, Керей руының Балта атасының ауылдарының бірі – Қарасары ауылына кенеттен шабуыл жасайды.

Түрікпендердің Қарасарыға шабуылынан кейін Еділ қалмақтарына және түрікпендерге қарсы Керей, Уақтан қалың қол ұйымдастырылады. Керейдің Еменәлі атасы қолын Жабай батыр, Көшебенің Таузар қолын Жанкісі Көшекұлы, Жоламан қолын Баянбай Ақшаұлы, Байтеке (Самай, Қапсыт) қолын Айтбай батыр басқарады. Керей, Уақтың жалпы қолын Балта-Керейдің қарт батыры Бақсары батыр Райжанұлы басқарады (Қорған облысы, Лебяжье станциясынан 7-8 шақырым жерде «Бақсары» деп аталатын село бар. Осы ауыл Бақсары батырдың ата қонысы болған екен).

Еділ-Жайық бойынан қалмақтарды қуып, түрікпендерден шауып алған малдарын қайтарып, кегін алған Керей, Уақ қолы елге үлкен олжамен оралады. Ол кездегі үлкен олжа – құлдар әкелу. Өйткені байларға мыңдаған малдарын бағатын малшылар керек болған. Түбін түрікпенмін дейтіндер осы уақытта келгенге ұқсайды.

Баянбай Ақшаұлы осы жолы олжалаған түрікпен құлдарын қазіргі Айымжан көлінің оңтүстік-батыс жағына қондырып, малын баққызады. Әуелде төрт-бес үйлі ғана түрікпен ауылы жергілікті қазақтармен араласып, үлкен ауылға айналады. Жергілікті қазақтармен қаны араласып кетсе де, ауыл баяғы «Күң ауылы» деген аттан құтыла алмады. Осы ауылда Мамыт атты асқан әнші, домбырашы,

өнер адамы болады. Қожаберген жыраудың «Елім-ай», Жанкісі жыраудың «Бақсары батыр» дастандарын қазақ киссаларын шебер орындайды екен. Бұл ауылды «Мамыт ауылы» деп те атаған. Мамыттың өнерпаздығы өзіне тартқан Айымжан атты жалғыз қызы болады. Айымжан ауыл молдасынан ескіше хат танып, одан кейін Болатнай медресесінде Сегіз серінің ағасы имам Көрпеш Баһрамұлының алдынан оқиды. Әншілік өнерде әкесімен жиі араласып жүретін өнер адамдары Салғара Жанкісіұлы, Жанақ Қамбарұлы, Сегіз сері, Шағырай сал (Көшебе Шағырай), Жанат сері сияқты ақын, әншілерден үлгі алады. Сегіз серінің әндерін елге таратушылардың бірі осы Айымжан болған екен. Айымжанды әкесі мен туыстары еркелетіп «Әйкен» деп атағандықтан, ел ішінде осы атпен аталып кетеді. Айымжанның әншілігіне Сегіз сері де сүйсінген. Ел ішінде халық әні деп аталып кеткен «Әйкен-ай» әнін Сегіз сері осы Айымжан сұлуға арнап шығарған. «Әйкен- ай» әнінің екі түрі бар. Соның бір түрі былай айтылады:

Құранды ерді көріп, атқа салдым,  
Әйкенжан деп атыңды хатқа салдым.  
Аулыңа әдейлеп келген шақта  
Қалайша бері жүрмей, тұрып қалдың?  
Қайырмасы.  
Әйкен-ай!  
Кел, ойнайық, кел, кел-ай.  
Есіме түскенінде шаш өргенің  
Алыста көңілімді сан бөлгенім.  
Көп айдың көрмегелі жүзі болды  
Жүрмісің, аман-есен көз көргенім?

Ақылы мен өнеріне көркі сай Айымжан сұлуға көз салушы жігіттер де аз болмайды. Бірде Көкшетау жерінен ағасы Нұржан қажымен бірге елге келген Біржан салдың да сұлу қызға көзі түсіп қалады. Өзінен екі жас үлкен ағасы Нұржанның да қызға көңілі кетіп, қызға ғашық болып қалады. Мұны білген Біржан қызды сүйоден тыйылып, ағасына жол береді. Нұржанның алғашқы әйелі бір жыл отасқаннан кейін қайтыс болып, әйелсіз жүрген кезі екен. Нұржанның да ақындығы мен әншілігі Біржаннан кем болмағанмен серілік емес, дін жолына түсіп, Меккеге

барған қажы екен. Нұржан мен Айымжан сұлу қосылуға сөз байласады. Нұржаннаң әкесі ұлықсат бермей: «Қора күзететін кесік құл мен 202 табаны тесік күннен тараған үйдің төрінде құда болып отыра алмаймын, құда болған жерім бар, бата бұзбаймын», – деп көнбейді. Дін жолына берік, әке сөзін тыңдап өскен Нұржан қатты қиналады.

Осы арада одан арғы оқиға желісі түсінікті болу үшін шегініс жасап, Біржан сал әулетінің Көкшетау жеріне қоныс аударуына тоқтала кетейік.

Біржан салдың атасы Қожағұл Бертісұлы (1774 – 1868) қазіргі Жаңажол аулынан 4 – 5 шақырым жердегі «Үлкен Бүркеу», «Кіші Бүркеу» жерлерін мекен еткен. 1826 жылы Батыс Сібір губерниясы осы жерге жаңа бекініс салмақ болып, Қожағұл әулетін Көкшетау жеріне көшіреді. Бірақ бұл араға бекініс сала алмайды, жаңа салынып біткен үйлерді жергілікті қазақтар өртеп жіберіп отырған. Беті қайтқан губерния басшылары құрылысты тоқтатып, бұл араны мемлекет меншігіне айналдырып, жағалай орлап тастайды. Кейін бұл жер «Есенеі кардоны», «Жаңажол қорығы» деп аталады. Ғабит Мүсіреповтің елге келгенде дем алатын орны, «Қыз қарағай» да осы жерде. Бертістен туған алты баланың төртеуінен: Қараменде, Қарамен, Қажытай, Қожағұлдан (Біржан әкесі) тараған ұрпақтар Көкшетау жеріне көшеді де, Бертістің Тәсібек және Қожамқұл атты балалары көшпей елде қалып, Мамыт ауылымен көрші қоныстанады. Нұржан Айымжанды алғаш осы туыстарына келіп жүргенде көрген болатын.

Рұқсат бермеген әкелеріне ренжіген Нұржан мен Біржан ақылдасып, Айымжанға құда түсуге Қожағұл атасының інілері Тәсібек пен Қожамқұлды апарып, той күнін белгілейді. Тойға 2-3 күн қалғанда белгісіз біреу Мамыттың үйде жоғын пайдаланып түнде Айымжанды алып қашады. Ақылды қыз айласын тауып Есболдың шайтомарының тұсында зорлықшылардан құтылып, томардың ішіне кіріп кетеді. Ортасында суы бар, жағалай шілік өскен томар ішінде тірідей қолға түспеуге бел байлаған қыз қашып жүріп

суы терең соқыр құдыққа түсіп кетеді. Қызды таба алмаған зорлықшылар да еліне қайтады. Бұл оқиғадан хабарсыз ел ертеңіне іздеу салады. Біреулердің зорлап алып қашқанын білгенмен, кім екенін білмейді. Құлақ жетер жерге хабар салады, ешкім білмейді.

Бұл оқиғадан кейін арада бір жұма өткенде Киікбай шоғында отырған Балта Керей Жақып ағаш үй салу үшін Есболдың шайтомарына мүк жинауға барады. Мүк жинап жүріп су ішінде өліп жатқан Айымжанның денесін көріп, елге хабар береді. Суға қалай кеткенінен хабары жоқ ел аза тұтып, Таузар Қапан дөңіндегі Қапан зиратына қояды.

Сөйтіп, екі ғашық – Нұржан қажы мен Айымжан сұлу қосыла алмай, арманда кетеді.

Болашақ жеңгесінің қайғылы қазасын аза тұтқан бала жігіт Біржан сал «Айымжан сұлу» атты жоқтау өлең шығарған екен, сол өлеңнің бір шумағы сақталып қалыпты:

Сұмдардың құрығынан құтылам деп,

Сұлу қыз Айымжаңдай суға кеткен.

Нұржаңдай ағамызға қосыла алмай,

Қиылып қыршынынан ажал жеткен.

Бұл оқиға 1842 жылдың күзінде болады. Есболдың шайтомары осы оқиғаға орай «Айымжан томары» деп аталып кетеді. 1897 жылы Айымжан томарына су түсіп, осы жылдан бастап томар көлге айналады. 1929 жылы Айымжан көлінің жанында ұйымдасқан ауыл Айымжан ауылы деп атанған.

Ел аузында сақталып, тарихта хатталып қалған махаббат құрбандары жайлы саясатқа орай бұрмаланып келген хикая осылай аяқталады. Айымжан ауылы жанындағы тас жолмен өткен сайын махаббат үшін жанын қиған қазақтың өнерпаз қызы туралы тарих қойнауында қалған осы оқиға ойға оралады [5, 198-204 б.].

## Нәтижелер

Бұл тарихи тұлғалардың атауларының негізінде жасалған ойконимдер. Топонимикалық аңыздар негізінде пайда болған атауларға тоқталсақ, ауызша халық прозасының жанрына жатады. Бастапқыда

сенімділікке ие және елді-мекендердің немесе басқа географиялық нысандардың, көрікті жерлердің атауларының шығу төркінін түсіндіреді. Бұл жанр халықтық этимологияның жарқын мысалы болып табылады, соның арқасында ономастикалық кеңістік қалыптасады. Бастапқыда топонимикалық аңыздар танымдық білімді беру маұсатына ие болоды, ең алдымен, ұзақ уақыт бойы білім, білік және дағдыларды берумен байланысты тарихи жыны ғылыми ақпарат халықтың сауатсыздығына байланысты ауызша берілгендігіне байланысты болды. Бұндай аңыздардың басты маңызы танымдық функцияны қалыптастыру. Бұл қызметпен қоса, кейбір аңыз мағлұматқа, тәрбиелік функция да атқарады. Мысалы: Кәлкен деген жер атына байланысты туындаған аңыз-әңгімеге тоқталайық. Бұл Ақтөбе облысының Байғанин ауданындағы жер. Тұзды көлдің жағасында тұратын байдың қызының аты Кәлкен екен. Қыз ер жетіп, сұлу болып өседі. Бірде көрші рудың бір жігітімен кездесіп, екеуі бір-біріне қатты ғашық болады. Қосылуға бел байлаған жас ғашықтарға қыздың әкесі қарсы болады да, оны үйде қамап қояды. Бай қызын кедей жылқышыға бергісі келмейді. Қамауда отырған қыз қайғыда көз жұмады. Бірнеше күннен кейін бай жұртымен көлдің жиегіне келсе, мөлдіреп ағып жататын суы қарайып, өлі суға айналып кеткен екен. Оның сыры неде екендігін ешкім түсінбейді, түсіндіре де алмайды. Бай жалшыларын суды қара батпақтан тазалауды бұйырады. Көл тазармайды. Еш амалдары болмаған бай да, бәйбәшесі де, қасындағы адамдары да бастаптан шыға алмай, батып өледі. Бұл қызының көз жасының жазасы еді деп жорамалдаған жергілікті халық суы суалған жерді қыздың есімімен Кәлкен атап кеткен [9, 74 б.].

Бұл аңызда мекеннің атауына белгілі тарихи тұлғаның қатысы айтылады. Оны тарихи-мекендік аңыз атаймыз. Аңыз әр елдің басынан өткен тарихи жағдайларына байланысты туындайды. С.Қасқабасов атап көрсеткендей, аңыздардың сюжеті көп

жағдайда ұлттық қана болады, бір елдің аңызы екінші елге ауыспайды, тіпті аңыздың көпшілігі аймақтық (локальный) қана болады [10, 122 б.].

Сонымен, Қазақстан Республикасында топонимика ғылымының дамуындағы қазіргі теориялық мәселелер: жергілікті жердің табиғаты мен шаруашылығы жайлы ақпарат адамдардың күнделікті өмірі мен қызметінде кеңістіктік бағдар ретінде қызмет атқаратын сол географиялық объектінің атауы болып тілде сақталады. Осылайша бұл атауларда халықтық географиялық терминология кең қолданылып, табиғат құбылыстары, географиялық объектінің ерекшеліктері және ландшафттың ерекше белгілері көрініс табады. Географиялық атаулар жүйесі кез келген тілдің ажырамас элементі болып табылады, сондықтан тілмен бірге дамып келеді. Қоғамның дамуына байланысты бұл топонимдер жаңарып, әрі ылғи да толықтырылып отырады.

Ономастикалық атаулар аса күрделі таңба болғандықтан, оларды дәстүрлі тілдік жағынан қарастыру жеткіліксіз болады, өйткені олардың мазмұны көптеген сыртқы факторлармен байланысты болып келеді. Ұлттың, халықтың ұжымдық тәжірибесін, қоғамдағы адамдардың бір-бірімен байланысын, шаруашылығын, рухани және материалды жақтан білімді өз аясына жинақтайды. Жалқы есімдердің тарихын зерттегенде дәстүрлі-тарихи әдіске көп көңіл бөлінеді. Географиялық атаудың табиғи нысан ретінде бірнеше белгісі болады. А.В. Суперанская жаңа таңдап алынған атау сол жаңа заттың мінездемесін беретінін айта келіп: «Бірақ біз бір шағын төбені Корявый торчок деп атасақ, сол маңдағы дәл сондай екінші төбені тағы да сол атпен атай алмаймыз. Ол төбенің екінші бір белгісін байқаған басқа адамдар басқаша атау береді», - дейді [11, 140 б.].

Біз өзімізді айнала қоршаған, тұрмыс-тіршілігімізбен бірге біте қайнасып келе жатқан сан мыңдаған атауларға көңіл бөле қоймаймыз. Солай аталған екен деп, сол

атаумен атап қана жүре береміз де, оның тарихына, аталу себебіне терең бойлап жатпаймыз. Ал олар өз бойында сан алуан сырларды жасырып келеді. Әр ұлттың, әр халықтың өмірлік тәжірибесі әртүрлі болғандықтан, санадағы дүниенің тілдік бейнесінде айырма болады. Қазақ халқының елді-мекен, жер атауларының деректілігі аңыз-әңгімелерде келтіріледі. Кең байтақ Қазақстанда таулар, ормандар өте көп. Қазақстан жерінің басым бөлігін оңтүстік шығыс пен шығыс аумағын қамтыған таулармен қоршалған жазық дала құрайды. Мақалада Солтүстік Қазақстан облысының биік, орташа, аласа таулы үстірті орналасқан нысандардың аңыз-әңгімелерде көрініс табуына тоқталамыз.

Көп жағдайда нысандарға жекелеген тұлғалардың есімдерін беру қазақ халқында жеке географиялық объектілерге адамдардың есімдерін беру дәстүрі болғандығын дәлелдейді. Көшпелі халықта антропонимдердің пайда болуы заңды процесс, өйткені рудың, жүздің, батырлар мен билердің меншікті белгілерін көрсетеді. Адамдардың жеке есімдері белгілі бір нысанның, мысалы, тау етегінде, өзеннің жанында, томар басында, көлдің жағасында, т.б. объектілерге өзінің қатысы болғандығын білдіріп, атын берген жағдайлар да кездеседі. Мысалы: Бұқпа көлі қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Благовещенка селосының батыс жағында 7-8 шақырым Гүлтөбе атты жерде. Қожабереген жыраудың ағасы Қарабас Тарханнан 7 бала: Асқап, Рүстем, Дәстем, Алдабек, Бұқпа, Қараша, Қаумен. Көл осы Бұқпа Қарабасұлының есімімен аталған. Бұқпа жырау, күйші, серілік құрған адам, бірақ шығармашылығы сақталмаған.

Сегіз серінің туған ауылы осы көлдің жағасында, қыстауының орны осы күнге дейін бар. Кіндік қанының тамған жері екенін өзінің өлең жолдарына қосқан. «Бұқпа көл» атты өлеңінде көл туралы былай деген:

Бұқпа көл қабағында топ қараған,  
Мөлдір су жар астынан жарқыраған.  
Әнші, ақын, күйші өнерпаз бәрі сонда,

Қашқын боп неге кеттім сол арадан? [5, 264 б.].

Жер-су атаулары – халық тілі мен мәдениетіміздің кемел байлығы, мәңгілік тарихи жәдігері, асыл мұрасы. Ана тіліміз бен ұлттық тарихымыздың сыр-сипатын, халқымыздың этномәдени құбылыстарын тереңдей зерделеп зерттеу үшін де аса маңызды, өте қымбат та бағалы дерек көзі екені даусыз.

Дәстүрлі тарихи жер-су атаулары – халықтың рухани тарихы және оның ұлттық санасы, философиялық дүниетанымы, сұлулыққа, көркемдікке деген көзқарасы. Ендеше, Тәуелсіздігімізді, Елдігімізді, Мемлекеттігімізді мейлінше берік орнықтыру мақсатында ежелден ел санасында қалыптасқан төл атауларымызды жаңғырту, қайта атау – отаншылдық, ұлттық рухымызды асқақтатары хақ. Ономастика дегеніміз география, этнография, фольклор, тарих, мәдениеттану, лингвистика, сөз өнері ілімдерімен тұтаса байланысқан ғажайып бір әлем. Оның тарихилық, әдеби-мәдени, тағылымдық құндылықтары да өлшеусіз.

### Қорытынды

Тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу үстіндегі еліміздің қоғамдық өмірінің барлық саласы жаңару мен өзгерістерді бастан кешуде. Сонымен сабақтас өріс алған рухани жаңғыру үрдісі тарихтың құрамдас бөлігі болып табылатын этностың, ұлттың тарихын салт-дәстүрін наным, сенімін, тыныс тіршілігін жан-жақты және терең зерттеуді талап етіп отыр. Еліміздің алғаш президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің зиялы қауым алдындағы сөзінде жер-су аттарының тарихылығы мен көнелігіне ерекше мән беріп, оны зерттеудің бүгінгі мемлекетіміздің саяси стратегиясы үшін де зор маңызы бар екендігін: «Әрбір азамат тарих қойнауына тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын» - деп атап көрсетті. Осы тұрғыдан жер-су атауларын зерттеу қазақ тілінің лексика, этимология саласын тың

деректермен толықтырса, екінші жағынан ұлттық таным мен тілдік құбылыс арасындағы байланыс ұлттық сананың дамуындағы жер-су атауларының орны секілді бұрын терең анықталмаған мәселелерді шешуге бағытталады. Жер-су аттары мағлұматтарға толы ел мен жер шежіресі, өткен заманның хабаршысы іспетті.

## Қаржаландыру

Аталған мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен BR10965370 «Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» атты мақсатты бағдарламалық жоба аясында жазылды.

## Әдебиеттер тізімі

1. Кубрякова Е.С. Язык и значение / Е.С. Кубрякова. – Москва: Языки славянской культуры, 2004. – 560 с.
2. Қайдаров Ә. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері. Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері / Ә. Қайдаров. – Алматы: Ғылым, 1988. –193 б.
3. Жанұзақ Т. Жер-су атауларының анықтамалығы / Т. Жанұзақ. – Алматы: Арыс, 2009. – 568 б.
4. Дәйкенов Т.Е. Уақ шежіресі \ Т.Е. Дәйкенов. – Астана: Фолиант, 2009. –1008 б.
5. Жұмабаев С. Туған жер шежіресі / С. Жұмабаев. – Петропавл, 2006. – 450 б.
6. Қазақ совет Энциклопедиясы. / М. Қ. Қаратаев, Алматы, 1972.
7. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі / Е. Қойшыбаев. – Алматы: Қазақ ССР ғылым академиясының бас редакциясы, 1985. – 256 б.
8. Таласпаева Ж., Есматова М. Жамбыл және Мағжан Жұмабаев аудандарының топонимикасы / Ж. Таласпаева, М. Есматова. – Петропавл, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2018. – 130 б.
9. Ақтөбе облысының топонимиялық кеңістігі (атаулардың пайда болуы). – Ақтөбе: Nobel, 2007. – 226 б.
10. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы / С. Қасқабасов. – Алматы: Ғылым, 1985. – 272 б.
11. Суперанская А.В. Что такое топонимика? / А.В. Суперанская. – Москва: Наука, 1985. –176 с.

**К.К. Кенжалин, Г.А. Бегимова, А.М. Байбосын**

*Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

## История возникновения ойконимов в казахском языке и их место в национальном сознании

**Аннотация.** Топоним – синоним словосочетания «географическое название», т. е. означает название любого географического объекта: океан, континент, страны, города, реки, овраги, холмы и т.д. топонимы, считающиеся культурно-историческим наследием, сохраняющимся и передаваемым из поколения в поколение, представляют народную культуру и хозяйство, традиции и обычаи. Основные факторы, характеризующие сознание и обычаи, связи между народами. Существует несколько групп топонимов и микротопонимов. Интерес к истории названий населенных пунктов начинается с места рождения. Жизнь развивается по-разному, но родная деревня и ее окрестности - реки, холмы, дороги, луга - оставили в памяти информацию о каждом из нас. Позже они смогут многое рассказать о жителях этих мест, ведь сегодня они расскажут о тех, кто жил здесь раньше. В статье показана история возникновения некоторых ойконимов на основе историко-культурных аспектов, внешних факторов, влияющих на них, и духовной значимости. Кроме того, в сказаниях отражены объекты, расположенные на высоком, среднем, низком горном плато Северо-Казахстанской области. На основе исследования рассматривается историческое содержание названий: Акмола, Экибастуз, Калкен, озеро Бухпа, Кансюек, Баянаул и др. Поскольку ономастические имена являются более сложными символами, недостаточно рассматривать их с точки зрения

традиционного языка, поскольку их содержание связано с широким спектром и множеством внешних факторов. Отмечается, что ономастика-это не только изучение земельно-водных объектов, но и будущее нашей страны, воспитание подрастающего поколения.

**Ключевые слова.** Ономастика, топонимическая система, ойконим, легенда-рассказы, этимология, национальное сознание, наследие, духовная модернизация.

**K.K. Kenzhalin, G.A. Begimova, A.M. Baibosyn**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **The history of the origin of oikonyms in Kazakh language and their place in the national consciousness**

**Abstract.** Toponym is a synonym of the word combination «geographical name», i.e. means the name of any geographical object: ocean, continent, country, cities, rivers, ravines, hills, etc. Toponyms represent folk culture and economy, traditions and customs as a cultural and historical heritage, preserved and transmitted from generation to generation. The main factors characterizing consciousness and customs, relations between peoples. There are several groups of toponyms and micro-toponyms. The interest in the history of place names begins with the place of birth. Life develops in different ways, but the native village and its surroundings - rivers, hills, roads, meadows - have left information about each of us in our memory. Later they will be able to tell a lot about the inhabitants of these places because today they will tell about those who lived here before.

The article shows the history of the origin of some oikonym based on historical and cultural aspects, external factors influencing them, and spiritual significance. In addition, the tales reflect the objects located on the high, middle and low mountain plateau of the North-Kazakhstan region. The historical content of the names - Akmola, Ekibastuz, Kalken, Lake Bukhpa, Kansyuek, Bayanaul, etc. is considered on the basis of the study. Due to onomastic names are more complex symbols, it is not enough to consider them in terms of traditional language. Because their content is associated with a wide range and many external factors. It is noted that onomastics is not only the study of land and water objects, but also the future of our country and the education of the younger generation.

**Keywords.** Onomastics, toponymic system, oikonym, legend-stories, etymology, national consciousness, heritage, spiritual modernization.

### **References**

1. Kubryakova E.S. Īazyk i znachenie [Kubryakova E. S. language and significance. (Slavic culture of languages, Moscow, 2004, 560 p.), [in Russian].
2. Qaidarov Ä. Qazaq tılınıñ tarihi leksikologiasy: problemalary men mundetteri // Qazaq tılı tarihi leksikologiasynyñ мәseleleri [Kaidarov A. historical lexicology of the Kazakh language: problems and tasks / / problems of historical lexicology of the Kazakh language], (Almaty, Nauka, 1988, 193 p), [in Kazakh].
3. Janūzaq T. Jer-su ataularynyñ anyqtamalyǵy [Zhanuzak T. directory of land and water names], (Almaty, Arys, 2009, 568 p.), [in Kazakh].
4. Däikenov T.E. Uaq şejiresi. [The Chronicle of uak], (Astana, Folio, 2009, 1008 p.), [in Kazakh].
5. Jūmabaev S. Tuǵan jer şejiresi [Chronicle of the native land], (Petropavlovsk, 2006, 450 p.), [in Kazakh].
6. Qarataev M.Q. Qazaq sovet Ensiklopediasy. T 1. Qazaq SSR ğylym akademiasynyñ bas redaksiasy. [Kazakh Soviet Encyclopedia. T 1. Chief editorial office of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR], Almaty, 1972, [in Kazakh].
7. Qoişybaev E. Qazaqstannyñ jer-su attary sözdiǵı. Almaty, 1985. – 256 bet. [Dictionary of land and water names of Kazakhstan], (Almaty, 1985, 256 p.), [in Kazakh].
8. Talaspaeva J., Esmatova M. Jambyl jāne Maǵjan Jūmabaev audandarynyñ toponimikasy [Talaspaeva J., Esmatova M. toponymy of Zhambyl and Magzhan Zhumabayev districts], (Petropavlovsk, NKSU named after M. Kozybayev, 2018, 130 p.), [in Kazakh].
9. Aqtöbe oblysynyñ toponimialyq keñistigi (ataulardyñ paida boluy) [Toponymic space of Aktobe region (origin of names), (Nobel, Aktobe, 2007, 226 p.), [in Kazakh].

10. Qasqabasov S. Qazaqtyñ halyq prozasy [Kaskabasov S. Kazakh folk prose], (Almaty, Nauka, 1985, 272 p.), [in Kazakh].
11. Superanskaia A.V. Chto takoe toponimika? [Superanskaya A.V. what is toponymy?] (Moscow, Nauka, 1985, 176 p.), [in Kazakh].

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Кенжалин Қуанышбек Кәрімұлы** – Ph.D., қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Бегимова Гүлжанат Абдрахмановна** – филология ғылымдарының кандидаты, Түркітану кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Байбосын Әли Мұратұлы** – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Kenzhalin Kuanyshbek Karimovich** – Ph.D., Associate Professor of the Department of Kazakh Linguistics, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Begimova Gulzhanat Abdrakhmanovna** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Baibosyn Ali Muratovich** – Ph.D. student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.